# ЖАМБЫЛ ЖАБАЕВ
# 1846 -1945ЖЖ



# ЖАМБЫЛ ЖАБАЕВ (1846-1945)

Шу өзенінің бойымен жүре берсеңіз Хан және Жамбыл деген екі тауға кез боласыз. Менің әкем Жабай бір кезде осы тауларда көшіп-қонып жүрген. Жамбыл тауының етегінде, қақаған қатты боранды күні мен туыппын! Маған сол көне Жамбыл тауының есімі ат болып тағылыпты. Бұл 1846 жылы  февраль айы екен.Менің әкем Жабай шоқпыт шапанды көшпелі кедей болған. Тұрған жеріміз құлазыған кең, жазық дала еді. Сондықтан да мен балалық шағымда егісті де, бақты да, арықты да көрмедім. Жазық кең дала менің Отаным болды.  Мен киіз үйде өстім. Сол кездегі барлық қазақ балаларындай мені де көшкенде бесігіммен алып жүрді. Бала кезімде мен тентектеу болдым. Қарттарды да, әкемді де тыңдағым келмеді. Мені қозы бағуға жіберетін, мен бармай қоятынмын. Маған отын тер дейтін — мен тіл алмай қасаратынмын. Менің ағам, әкемнің інісі белгілі домбырашы еді. Мен домбыра тыңдауға әуес едім. Он екі жасымда одан домбыраны үйрендім. Домбыра қолыма тигенде барлық тентектікті ұмытып, бүкіл жан жүйем елжірегендей болатын еді. Менің қой баққым келмеді. Домбыра тартып, ән салу мені қатты қызықтырды.

# ЖЕТІ АТАСЫН БІЛГЕН ҰЛ ЖЕТІ РУ ЕЛДІҢ ҚАМЫН ЖЕР...

ШАПЫРАШТЫ

МАЛДЫСТЫҚ | ЖЕЛДІЫСТЫҚ | ҚАЛДЫСТЫҚ

ЕКЕЙ | ЕМІЛ | ЕСҚОЖА

ЖӘРІМБЕТ | БЕЙІМБЕТ

АҚТӨБЕТ | БЕРДІС | ӘЛТИ | ҚОСАЙ | БАЯНАЙ

ӨТЕҒҰЛ | ӨТЕП | СОЛАҒАЙ | ҚӘДІРШЕК | ТЕКЕШІК

ТАҢАТАР | СОПАҚ

СӘДІБЕК

АЛТЫБАЙ | ЖЕТІБАЙ | ЫРЫСБАЙ | ТОЛЫБАЙ | ЫСТЫБАЙ | ҚАРТАБАЙ

ҚАЗЫБАЙ | ЖАПА | ЖАДЫРА | МӘЙКЕ

ТӘЙТІ | ЖАМБЫЛ | ҚОМАН

ҚОЖАҚ | ҚОЖАШ | ҚОЖАМБЕРДІ | КҮНТӘЙ

АҚҚҰЛЫ | АҚБАЛА,

АЛҒАДАЙ | ШЫНЫБАЙ | ІЗТІЛЕУ | ТЕЗЕКБАЙ

ЖАПАНЫҢ ӘЙЕЛІ - ҰЛДАН АПА
ЖАМБЫЛДЫҢ БӘЙБІШЕСІ - МОМЫН АПА
КЕЛІНДЕЙ АЛҒАН ӘЙЕЛІ - ТАЛҚАЙРАТ АПА
ТОҚАЛЫ - ҚАНЫМЖАН АПА


Жыр алыбы - Жамбыл
Жамбыл Жабаевтың нақыл сөздерінен:
Ел қадірін ел баққан
Ерлер білер деген сөз.
Зер қадірін зер баққан
Зергер білер деген сөз.
Жұмыста да соғыста
Ақылыңды ашу қыспасын.
Ашушаң болсаң, сол қолың
Оң қолыңды ұстасын.
Ел менен ел достасқан
Жыр алыбы өзінің өмірбаянында былай дейді: «...Шу өзенінің қырға қарай беттеген жағында Хан және Жамбыл деген екі тау бар. Сол Жамбыл тауының баурайында мен туыппын. Сондықтан маған қарт таудың атын қойыпты. Бұл 1846 жылдың ақпан айы екен», деп айтқан екен.
Жамбыл Жабаев 1945 жылы 22-маусымда жүз жасқа таяған шағында дүниеден өтті. Атамыз өзі ұзақ жыл тұрған үйінің бағында жерленіп, басына кесенесі, яғни мавзолейі тұрғызылған. Ал, үйі мұражайға айналды. Орайы келгенде айта кетейік, ақын бабамыз Алматы облысы Жамбыл ауданы Жамбыл ауылында өмір сүрген.
HAMELEONS.COM
опубликовано на сайте
HAMELEONS.COM
HAMELEONS.COM

Жамбыл кітаптары үздіксіз басылды




Жыр
патшалығының
алыбы -
Жамбыл

# АСЫЛ СӨЗДІҢ ПАТШАСЫ – ЖАМБЫЛ ЖАБАЕВ



# XX ҒАСЫР ГОМЕРІ



Жәңгазы АХМЕТ,
«Ақ жол».

## ӨЛЕҢГЕ ҚОЙЫЛҒАН ӨР МҮСІН

Балаң күнімде, бастауыш сыныпта оқып жүргенімде анама ілесіп Тараз қаласына алғаш келгенім еміс-еміс болса да әлі есімнен шыға қойған жоқ. Бәлкім, ол менің қалаға алғаш келуім де емес шығар, бірақ есте қалғаны сол жолғы сапарым еді. Әйтпесе, облыс орталығынан жетпіс шақырым-ақ қашықтықта жатқан Тараз балалық ауылымда асыр салып жүрген мен үшін алып, сән-салтанаты жарасқан шаһар еді де, оған келуім алып-ұшқан көңіліме қуаныш сыйлайтын теңдессіз тарту болатын. Сол жолы мен ауылыма «Жамбыл Жабаевпен таныстым, жүз жасаған алып ақынды өз көзіммен көрдім» деп риясыз көңілмен оралғанымды үйдегі үлкендер әлі күнге айтып отырады. Қалай болды дейсіз ғой...

Анам екеуміз тамыздың тамылжыған соңғы жайма шуақ күндерін ыңғайға алып, мектеп керек-жарағын түгендеуге мен шаһардың Төле би көшесінің бойындағы, орталық «Достық» алаңына таяу маңдағы базарға келген болатынбыз. Ойымда таңғалыстан өзге ештеңе жоқ мен көлік терезесінен оңды-солды барлап, қаланың биік ғимараттарын санағандай болып мәз-мейраммын. «Ұлым, базарға жеттік, көліктен түсейік» деген анама еріп сыртқа шықтым. Сонда ғой, Жамбыл атаммен «танысқаным». Айналма жолдың кіп ортасында қолындағы қасиетті домбырасымен, сұңғақ бойлы, ойлы көзбен көпірге көз тастап тұрған халық ақынының ескерткішін мен құдды бір өзін

сылқымы бойжеткен Кеңшат сұлуға шығарған құрбылық наз өлеңі сияқты дүниелер сақталған. Одан бертіндегі Жетісуды, Қаратау, Сыр өңірін өнеріне тәнті еткен, қырғыздың шалқар «Манасын», Шығыстың әйгілі қиссаларын жырлаған ақын мұрасынан біршамасының аты ғана белгілі. «Хадей күйі», «Пұшықтың ұрыға айтқаны», «Әділдік керек халыққа», «Кәрібайдың төбеті», «Жылқышы», «Мәшки болыс» тәрізді тегеуірінді де өжет ақындық мінездің, халықтық даналықтан туған өлеңдері, әйгілі Құлмамбет, Сарбас, Нұрмағамбет, басқа да ақындармен айтысы, Өтеген, Сұраншы батырлар туралы ұзақ дастандары – алыпты шайырдың төңкеріске дейінгі шығармашылығынан сақталған қомақты бай мұрасы. Осылардың өзімен-ақ Жамбылдың халықтың ақындық қазынасын жете, зерделей меңгеріп, жаңғырта, жаңарта дамытқан, өмір-тіршілік даналығын көкірегіне тоқыған, елдің арғы-бергі тарихын әділдік, шындық сөзін ешкімнен де тайсалмай айтатын, өлеңі тау өзеніндей тасқынды үлкен дарын иесі екенін аңғарамыз. Оған ешкім де шек келтіре қоймас.

Өзінің кең тынысты өлеңдерімен, қазақ халқының сан ғасырлық тарихын бейнелейтін толғау-жырларымен алаш жұртын әлемге әйгілеген алып ақын тірлігінде-ақ танылды. Қазақ сөз өнерінің Абайдан кейінгі ұстазы саналатын Мұхтар Әуезов Жамбыл Жабаев туралы толғай келіп: «Жамбыл – ақыл-ойдың алыбы, өзгеге ұқсамайтын дара, оқшау бет-бейнесімен аса зор құбылыс. Оның бір өзі әрі эпик ақын, әрі айтыс ақыны, әрі азаматтық әуеннің де ақыны» дейтіні тегін емес.

Ғасырға жуық ғұмыр кешіп, соңындағы ұрпағына өлшеусіз

# ҰЛЫ – АЛҒАДАЙМЕН



# ДИНА НҮРПЕЙІСОВАМЕН БІРГЕ



# ЖАМБЫЛ ЖАБАЕВ ЕСКЕРТКІШІ





**Жамбыл қырғыз ақындарының ортасында**



**Жамбыл мен Күләш Бәйсейітова**